



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан-Американдық еркін университеті 10-11 сынып оқушылары арасында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен «Полиглот» аймақтық олимпиадасын өткізетіні туралы хабарлайды.

### **Олимпиаданың өткізілу күні мен орны:**

Олимпиада 2024 жылдың 29 қарашасында Өскемен қаласы, М.Горький көшесі, 76 мекенжайы бойынша өтеді. Олимпиаданы өткізу форматы – оффлайн.

### **Олимпиада қатысушылары**

Олимпиадаға қатысу үшін

- жалпы білім беретін мектеп оқушылары (**3 адамнан артық емес**);
- жаңа үлгідегі мектеп оқушылары (*лицейлер мен гимназиялар*) (**4 адамнан артық емес**) шақырылады.

Олимпиаданың әрбір қатысушысы тапсырмаларды барлық үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орындайды.

### **Олимпиаданы өткізу бағдарламасы**

*Олимпиада екі кезең бойынша өткізіледі:*

**I кезең** – жазбаша: тест тапсырмаларын орындау (тест үш бөлімнен тұрады: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі)

**II кезең** – ауызша: белгілі тақырып/сурет бойынша әңгіме /үш тілде әңгіме құрастыру.

**2 - турдың тапсырмалары барлығына бірдей, бірақ *мектеп түріне және оқу тіліне байланысты білім алушылар үшін әртүрлі бағалау критерийлерін қамтиды.***

### **Олимпиаданы өткізу кестесі**

<b>Уақыт</b>	<b>Кезең</b>
9:00 –10:00	Олимпиадаға қатысушыларды тіркеу ҚАЕУ оқу корпусы <i>Өскемен қаласы, Горький көшесі, 76, холл, 1 қабат</i>
10:00 – 10:30	Олимпиаданың салтанатты ашылуы <i>Акт залы, 2 қабат</i>

11:00 – 12:30	Олимпиаданың 1 туры – тестілеу <i>Аудиториялар бойынша ақпарат тіркеу кезінде беріледі</i>
12:30 – 14:00	1 турдың қорытындысын шығару, үзіліс
14:00 – 14:30	1 турдың нәтижелерін жариялау, 2 турға қатысушыларға нұсқау беру <i>Акт залы, 2 қабат</i>
14:30 – 17:00	Олимпиаданың 2-туры – сурет/тақырып бойынша үш тілде әңгімелесу <i>Аудиториялар бойынша ақпарат 1 турды қорытындылау кезінде ұсынылатын болады</i>
17:00 – 17:30	Олимпиада қорытындысын шығару <i>Акт залы, 2 қабат</i>

### **Олимпиада қорытындысын шығару**

Олимпиаданың қорытындысы бойынша бір бірінші орын, екі екінші және үш үшінші орын беріледі (қорытындылар жалпы білім беретін мектептер мен жаңа үлгідегі мектептер арасында бөлек шығарылады). Олимпиада жеңімпаздары мақтау қағаздарымен марапатталады. Жүлделі орын алмаған қатысушыларға сертификаттар табысталады.

Қатысушылардың сертификаттары электрондық форматта беріледі және қатысушылардың электрондық поштасына 5 жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Жүлделі орындарға ие болған қатысушыларды дайындаған мұғалімдерге алғыс хаттар табыс етіледі.

### **Өтінімдерді ұсыну мерзімдері**

Олимпиадаға қатысуға өтінімдер 2024 жылдың 22 қарашасына дейін тапсырылуы тиіс. Көрсетілген мерзімде өтініш жібермеген мектептердің оқушылары олимпиадаға қатыса алмайды.

Өтінімдерді [kafufl@mail.ru](mailto:kafufl@mail.ru) электрондық мекенжайы бойынша «Полиглот олимпиадасына қатысуға өтінім \_ мектептің нөмірі немесе атауы» тақырыбымен жіберілуі керек.

### **Өтінім нысаны**

Мектеп (толық атауы) \_\_\_\_\_

Олимпиадаға қатысушылар саны - \_\_\_\_\_

Олимпиадаға қатысуға жауапты адаммен байланысу бойынша мәліметтер (аты, телефоны, E-mail)

	Қатысушының аты - жөні (қазақ немесе	Сынып	Оқыту тілі	Қатысушының байланыс	Мұғалімдердің аты-жөні (оқушыға қазақ,
--	--------------------------------------	-------	------------	----------------------	--

	орыс тілінде)			телефоны және e-mail	орыс, ағылшын тілдері бойынша сабақ беретін үш мұғалімнің аты-жөнін пән атауларымен көрсету)
1					
2					
3					

*\* Қатысушы жүлделі орынға ие болмаса, сертификатты жіберу үшін қатысушының электрондық поштасы қажет.*

Өтінімдер өңделетін doc немесе .docx. форматтарында жіберіледі.

**.jpeg және .pdf форматтарында сканерленген өтінімдерді жібермеулеріңіз сұралады!**

*\* Ұйымдастыру комитеті үлгі бойынша ресімделмеген және белгіленген мерзімнен кейін жіберілген өтінімдерді қарамау құқығын өзіне қалдырады.*

*\*\* Нәтижелерді апелляциялау рәсімі олимпиада регламентінде көзделмеген; олимпиадаға қатысушылардың қолына сайыс материалдары берілмейді.*

*\*\*\* Олимпиадаға қатысуға өтінім беру сайыс шарттарымен келісім ретінде бағаланады.*

*\*\*\*\* Олимпиаданы өткізу тәртібі мен шарттарына өзгерістер енгізілген жағдайда сізге қосымша хабарланатын болады.*